

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ  
УНИВЕРСИТЕТІ

6D070700 – «ТАУ-КЕН ІСІ» МАМАНДЫҒЫНЫҢ  
ЭЛЕКТИВТІ ПӨНДЕР КАТАЛОГЫ

Алматы 2015

Элективті пәндер каталогы Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ғылыми-әдістемелік кеңесінде бекітілген 2015 жылғы «\_5\_»маусымның (№ \_5\_ хаттамасы). Алматы, ҚазҰТЗУ, 2015.

Каталог элективті пәндердің (таңдау бойынша) компоненттердің тізімін, пәндердің пререквизиттері мен постреквизиттерін, пәнді оқыту мақсатын, олардың қысқаша мазмұнын, күтілетін нәтижелерін қамтиді.

## **БІЛІМ АЛУШЫ МЕН ЭДВАЙЗЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАДНАМА**

Мамандықтың барлық пәндері модульдер мен циклдер (бакалавриатта ЖБП, БП, ПП; магистратура мен докторантурада БП, ПП) бойынша бөлінген. Олардың ішінде пәндер міндетті және элективті (таңдау) пәндеріне бөлінген. Оқуға міндетті пәндердің тізімі мамандықтың үлгілік оқу жоспарында (ҮОЖ) келтірілген. Мамандықтың әр курсы үшін элективті пәндер тізімі элективті пәндер каталогында (ЭПК) келтірілген. ЭПК мамандықтың таңдау пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізімі болып табылады. ЭПК білім алушыларға оқытудың таңдалған траекториясына сәйкес элективті оқу пәндерінің альтернативті таңдау мүмкіндігін беруі керек.

Мамандық бойынша ҮОЖ бен ЭПК негізінде білім алушының оқу жылына жеке оқу жоспары (ЖОЖ) құрылады. ЖОЖ-ды шығарушы кафедра тағайындаған эдвайзердің көмегімен бакалаврлар мен магистранттар құрастырады. Докторанттар ЖОЖ-ды өздері құрастырады. ЖОЖ мамандық шегінде әрбір білім алушының жеке білім алу траекториясын анықтайды. ЖОЖ-ға ҮОЖ-дан міндетті компонент пәндері мен оқу қызметінің түрлері (практикалар, зерттеу жұмысы, мемлекеттік (кешенді) емтихан, дипломдық жұмысты (жобаны) жазу, диссертацияны ресімдеу және қорғау) және ЭПК-дан таңдау компоненті пәндері кіреді.

Еңбек нарығының және жұмыс берушілердің талаптарының есебімен нақты жұмыс саласына бағытталған білім беру траекториясының бакалаврларына көмек ретінде ЭПК шегінде білім алушыларға көзделген білім беру траекториясын меңгеруді кепілдейтін пәндер тізімі берілуі керек.

Элективті оқу пәндерін таңдаған кезде мыналарды есепке алу керек:

1 Бір семестрде міндетті түрде оқылатын оқытудың қосымша түрлерін (ОҚТ) есептемегенде, күндізгі оқыту бөлімінің студенті 18-22 кредитті (міндетті және элективті), сырттай оқыту бөлімінің студенті 9-12 кредитті (міндетті және элективті) игеруі тиіс.

2 Оқытудың барлық кезеңіндегі жалпы кредит саны мамандықтың ҮОЖ-нда көрсетілген саннан аспауы керек.

3 Элективті пәндер тиісті нөмірі бар таңдау топтарына біріктірілген. Пәндердің әр тобынан бір ғана элективті оқу пәнін таңдауға болады.

**1-ші курс**

№	Модульдің атауы	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәннің атауы	Кредит саны	Сем-естр
1	Техникалық шет тілі және тау-кен жарылыс жұмыстарын геомеханикалық негіздеу модулі (ТШТжТЖЖГНМ)	БП 1.2.4.1	7204	Ашық кен орындарын геомеханикалық негіздеу	3	1
		БД 1.2.4.2	7204.1	Жерасты кен қазу жұмыстары процесстеріндегі негізгі техникалық жаңа шешімдер	3	1
		БД 1.2.4.3	MIS7204.2	Жаппай жарылыстардың сейсмикалық және толқындық әсерлерін зерттеу	3	1
2	Пайдалы қазбаларды өндіру және жерасты ғимараттарының құрылысы модулі (ПКӨжЖҒҚМ)	БД 1.2.2.1	7202	Пайдалы қазбалар кенорындарын құрамды қазуды жобалау	3	1
		БД 1.2.2.2	7202.1	Пайдалы қазбаларды жерасты әдісімен өндірудің жаңа шарттары	3	1
		БД 1.2.2.3	NOS7202.2	Арнайы жерасты ғимараттарын салудың ғылыми негіздемелері	3	1
		БД 1.2.3.1	7203	Карьер алаңдарын эксплуатациялауға дайындау	3	1
		БД 1.2.3.2	7203.1	Тереңде жатқан және жанасып жатқан кен денелерін қазуға дайындау	3	1
		БД 1.2.3.3	NOP7203.1	Жерасты ғимаратның құрылысын әртүрлі шарттарда жүргізудің ғылыми негіздемелері	3	1
		ПД 1.3.1.1	7301	Ашық кен жұмыстары мақсаттылығын бағалау белгілері	3	1
		ПД 1.3.1.2	7301.1	Жерасты кеніштерінде массивтердің жағдай - күйін автоматты басқару	3	1
		ПД 1.3.1.3	GOG7301.2	Тау-кен құрылыс жұмыстарын геомеханикалық камтамасыздандыру	3	1
		ПД 1.3.2.1	7302	Минеральды шикізаттарды кешенді пайдаланудың мәселелері	3	1
		ПД 1.3.2.2	7302.1	Кен жұмыстарын нығайту жоспарын компьютерде өңдеу және игеру	3	1
		ПД 1.3.2.3	MMF7302.2	Қазба айналасындағы кернеулі-деформациялы күйдің пайда болуын модельдеу әдістері	3	1
3	Тау-кен ғылымының техникалық және геотехнологиялық мәселелерінің шешімдері модулі (ТКҒТжГМШМ)	БД 1.2.5.1	7205	Минеральды шикізаттардың сапасын геотехнологиялық бақылау	3	2
		БД 1.2.5.2	7205.1	Жерасты жұмыстары кезіндегі заманауи аппаратуралар және апатты жою жоспарларын игеру	3	2
		БД 1.2.5.3	7205.2	Тау-кен қазбалары құрылысының геотехнологиялық процесстерін моделдеу	3	2
		БД 1.2.6.1	7206	Тау-кен ғылымының әдістемелері	3	2
		БД 1.2.6.2	7206.1	Жерасты кеніштерін желдету ж/е техника-қ жабдықтау	3	2
		БД 1.2.6.3	FTO7206.2	Таужыныстарын бұзудағы ресурстарды қорғаудың физико-техникалық негіздері	3	2
4	Тау-кен ғылымының инновациялық технологиялары модулі (ТҒИТМ)	ПД 1.3.3.1	7301	Геотехнологиялық жүйелерді жобалаудың ғылыми негіздері	3	2
		ПД 1.3.3.2	7303.1	Уранды жерасты сілтілеу тәсілінің инновациялық технологиясы	3	2
		ПД 1.3.3.3	MGP7303.2	Физико-химиялық геотехнология	3	2
		ПД 1.3.4.1	7304	Кен жұмыстары режимі және оны реттеудің технологиялық әдістері	3	2
		ПД 1.3.4.2	7304.1	Пайдалы қазбаларды жерасты әдісімен өндірудің экотехнологиялары	3	2
		ПД 1.3.4.3	SME7304.2	Шахта және жерасты құрылысының экологиялық залалын азайтудың стратегиясы	3	2
5	Кендерді жару және өндіру жұмыстарының параметрлерін оптимизациялау модулі (КЖжӨЖПОМ)	ПД 1.3.5.1	7305	Мобильді жабдықтар кешендері және оларды карьерлерде қолдану технологиясы	3	2
		ПД 1.3.5.2	7305.1	Пайдалы қазбаларды жерасты әдісімен игерудің заманауи жағдайы	3	2
		ПД 1.3.5.3	NOK7305.2	Қалалық жерасты кеністігін игерудің құрылымдары мен технологияларының ғылыми негіздері	3	2
		ПД 1.3.6.1	7306	Пайдалы қазба кенорындарын өндірудің	3	2

			алдыңғы қатарлы технологиялары		
	ПД 1.3.6.2	7306.1	Уранды жерасты ұңғымалық сілтілеу арқылы өндірудің параметрлерін оңтайландыру	3	2
	ПД 1.3.6.3	ОМР7306.2	Бұрғылау-жару жұмыстарын жетілдірудің негізгі әдістемелік принциптері	3	2

### **7204 Ашық кен орындарын геомеханикалық негіздеу– 3 кредит**

**Пререквизиттер:** Ғылыми зерттеудің тәсілдері және ғылыми әдістемелері 5205 (магистратура)

**Оқыту мақсаты:** Геомеханика болжамдары мен заңдылықтары туралы докторанттың терең білім алуын қамтамасыз ету, кен жыныстарның физикалық-механикалық қасиетін анықтау, құламалардың есеп тәсілдері мен олардың негіздерінің, тау-кен техникалық және геотехникалық есептерді физикалық және математикалық моделдеуге байланысты практикалық тәжірибе жинақтату.

**Қысқаша мазмұны:** технологиялық фактрлардың әсері, кеннің қасиеті, онда жүретін және жыныстық қысым түрінде байқалатын механикалық процестер жөнінде мағұлматы болу. Кен жыныстарының механикалық қасиеті, кен массивтері, құрылымдық-механикалық ерекшеліктеріне қарай олардың өзгеру мен мықтылығы, кен массивтерінің құлауы жөнінде білу. Кен массивтерінің бір бағыттық сондай-ақ серіппелі еместіктен өзгеруі мен құлауы жөнінде түсіндіре білуі керек және олардың мықтылығын болжау жөнінде ұсыныс жасай білуі, іс жүзінде талдамалы және тәжірибелік әдістерді қолдана білуі керек.

**Күтілетін нәтижелер:** Ашық кен орындарындағы теориялық негіздерді есептеп шығару қағидаларын меңгеру және кен жыныстарының механикалық қасиеттерін тәжірибеде анықтауды және кен массивтеріндегі геомеханикалық процестерді болжауды меңгереді.

**Постреквизиттер:** Тау-кен ғылымының әдістемелері 7206, Докторлық диссертацияны рәсімдеу және қорғау

### **7204.1 Жерасты кен қазу жұмыстары процесстеріндегі негізгі техникалық жаңа шешімдер– 3 кредит**

**Пререквизиттер:** Пайдалы қазбаларды жерасты игеру үрдісі параметрлерін оңтайландыру 5308.1 (магистратура)

**Оқыту мақсаты** – докторанттарға пайдалы қазынды кенорындарын қазу процесстеріндегі жаңа шешімдерді теориялық және тәжірибелік тұрғыдан үйрету.

**Қысқаша мазмұны:** Кенорындарын жерасты әдістерімен игерудің технологиялық кешенді әдістері; Кен қазу жұмыстары процесстеріндегі негізгі техникалық жаңа шешімдер; кен өндіру жұмыстарындағы циклдік, циклдік-ағымды технологиялар. кенорындарын ашудың оңтайлы әдістерін таңдау шешімдері; Жайпақ-көлбеу, көлбеу және күртқұлама кенорындарын қазудың технологиясы мен жаңа жүйелері; Пайдалы қазындының құнарсыздануын төмендету жолдары; Тауарлық өнімнің сапасын реттеудің жаңа шешімдері;

**Күтілетін нәтижелер:** Докторанттар кенорындарын жерасты әдістерімен игерудің технологиялық кешенді әдістерін, кен қазу жұмыстары процесстеріндегі негізгі техникалық жаңа шешімдерді, көлбеу және күртқұлама кенорындарын қазудың технологиясы мен жаңа жүйелерін, пайдалы қазындының құнарсыздануын төмендету жолдарын, жер қойнауның қорларын кешенді игеру әдістерін және қорларды толық игеруі кезіндегі оңтайлы шешімдерді меңгерулері тиіс.

**Постреквизиттер:** Жерасты жұмыстары кезіндегі заманауи аппаратуралар және апатты жою жоспарларын игеру 7205.1

### **MIS7204.2 Жаппай жарылыстардың сейсмикалық және толқындық әсерлерін зерттеу– 3 кредит**

**Пререквизит:** Бұрғылау-жару жұмыстарының шарттарын және тиімділігін жоғарылату жолдары SPP5207.2 (магистратура)

**Оқыту мақсаты:** Пәнді оқу мақсаты - тау-кен саласында кенді және массивтерді бұзып қопару үшін орындалатын жаппай жарылыс жұмыстарының сейсмикалық және толқындық әсерлерін зерттеу болып табылады.

**Қысқаша мазмұны:** жарылыс жұмыстарын орындау және өнеркәсіптік жарылғыш заттарды өндіру технологиясын зерттеу және жетілдіру жолдары, жарылыс теориясы және жарылыс процесінің термодинамикасын зерттеу; өндірістегі (ашық және жерасты әдістерімен кен өндірудегі) жару жұмыстарының технологиялары, арнайы жарылыс жұмыстарындағы және жаппай жарылыс жұмыстарындағы сейсмикалық және толқындық әсерлерді зерттеу.

**Күтілген нәтижелер:** Пәнді оқыған болашақ мамандар - жарылғыш заттармен жұмыс жасаудың негізгі талаптары мен тәртіптерін, ЖЗ-дың қасиеттерін зерттеуді және оларды нақтылы шарттарға байланысты таңдауды; өнеркәсіптік жарылғыш заттардың құрамын дұрыс жобалауды; жарылыстың негізгі жарылыстық параметрлерін, жаппай жарылыс жұмыстарындағы сейсмикалық және толқындық әсерлерді зерттеу әдістерінен хабардар болулары тиіс.

**Постреквизиттер:** Бұрғылау-жару жұмыстарын жетілдірудің негізгі әдістемелік принциптері ОМР7306.2

## **7202 Пайдалы қазбалар кенорындарын құрамды қазуды жобалау - 3 кредит**

**Пререквизиттері:** Карьерлерді жобалау методологиясы 5307 (магистратура)

**Оқыту мақсаты:** – пайдалы қазбалар кенорындарын құрамды қазудың ерекшеліктерін, кенорындарды құрамды қазу тиімділігін арттыру жолдарын, ғылым мен техниканың жетістіктерін және де алдыңғы қатардағы тау-кен өндірісі мамандарының ғылыми зерттеу нәтижелерін, сонымен қатар кенорындарын құрамды қазудың отандық және шетелдік тәжірибесін қолдануды оқып үйрену.

**Қысқаша мазмұны:** Кіріспе. Пайдалы қазбалар кенорындарын құрамды қазудың отандық және шетелдік тәжірибесі. Рудалы кенорындарын құрамды қазудың негізгі ережелері. Кенорындарын құрамды қазу тәсілдерінің сыныптамасы. Кенорындарын құрамды қазудың қарқындылығы. Кенорнын құрамды қазу кезіндегі кәсіпорынның өнімділігі және қызмет мерзімі. Кенорнын құрамды қазу кезіндегі жер иелігін пайдалану ерекшеліктері. Кенорнын құрамды қазудың технологиялық сұлбалары. Жерасты қазбаларын пайдаланып карьер және шахта алаңдарын бірге ашу. Карьер және шахта алаңдарын бірге ашуды экономикалық математикалық модельдеу. Карьер және шахта алаңдарын бірге ашу сұлбаларын бағалау. Ашық кен жұмыстары жерасты жұмыстары тікелей әсер ететін аймақта жүргізу ерекшеліктері. Жерасты кенішінің опырылу аймағында үйіндіалу жұмыстары. Жерасты жұмыстары әсер ететін аймақта ашық кен жұмыстарын қауіпсіз жүргізу шаралары. Жерасты қазбаларынмен карьер және шахта алаңдарын бірге ашу кезінде ашық кен жұмыстары технологиясын жетілдіру. Кенорнын құрамды қазу нұсқасын бағалау және таңдау әдістемесі.

**Күтілетін нәтижелер:** - кенорындарын құрамды қазудың отандық және шетелдік тәжірибесін қолдану; ашық және жерасты тәсілдерінің қазіргі жағдайы және даму болашағын, сонымен қатар кенорындарын құрамды қазу тәсілдерінің сыныптамасын және қазу жүйесін, құрамды қазу нұсқаларын бағалау әдістерін және олардың қолданылу аумағын білу; кенорнын құрамды қазудың теориялық және ұйымдастыру шаралары кешенін уақтылы шешу; пайдалы қазбалары кенорындарын құрамды қазудың технологиялық сұлбаларын, параметрлерін және оларды жобалау әдістерін жетілдіру бойынша теориялық білім алу және тәжірибелік дағдылану.

**Постреквизиттер:** Тау-кен ғылымының методологиясы 7206

### **7202.1 Пайдалы қазбаларды жерасты әдісімен өндірудің жаңа шарттары- 3 кредит**

**Пререквизит:** Кенорнын жерасты тәсілімен игеру кезіндегі жаңа технологиялық шешімдер 5206.1 (магистратура)

**Оқыту мақсаты:** – пайдалы қазбалар кенорындарын шарттарына қарай жаңа әдістермен өндіру жолдарын зерттеуді, жерасты кен өндіру жұмыстарының тиімділігін арттыру жолдарын және ғылым мен техниканың жетістіктерін қолдануды үйрену.

**Қысқаша мазмұны:** Кіріспе. Пайдалы қазбалар кенорындарын жерасты әдісімен қазудың отандық және шетелдік тәжірибелерін зерттеу. Кенорындарын жерасты әдісімен қазудың негізгі ережелері. Кенорындарын қазу тәсілдерінің сыныптамысы. Кенорындарын жерасты әдісімен қазудың қарқындылығын зерттеу. Кенорнын жерасты әдісімен қазу кезіндегі кәсіпорынның өнімділігі және қызмет мерзімі. Кенорнын жерасты әдісімен қазудың технологиялық шарттары. Кенорнын жерасты әдісімен қазу жүйелерін бағалау және таңдау әдістемелерін зерттеу.

**Күтілетін нәтижелер:** - пайдалы қазбалар кенорындарын шарттарына қарай жаңа әдістермен өндіру жолдарын зерттеуді үйренеді, жерасты кен өндіру жұмыстарының тиімділігін арттыру жолдарын меңгереді және ғылым мен техниканың жетістіктерін қолдануды үйренеді. Сонымен қатар, Кенорындарын жерасты әдісімен игеруді жобалау әдістерін жетілдіру бойынша теориялық және тәжірибелік тұрғыдан білім алады.

**Постреквизиттер:** Пайдалы қазбаларды жерасты әдісімен игеру-дің заманауи жағдайы 7305.1, докторлық диссертацияны дайындау және қорғау

### **NOS 7202.2 Арнайы жерасты ғимараттарын салудың ғылыми негіздемелері – 3 кредит**

**Пререквизиттер:** Жерасты құрылыстарын жобалау әдістемелері 5307.2 (магистратура)

**Оқу мақсаты:** Пәнді оқу мақсаты жер қойнауына әрқилы мақсаттарға арналып салынатын кешенді нысандарды орналастырудың ғылыми және тәжірибелік негіздерін оқып-үйрену болып табылады.

**Қысқаша мазмұны:** Жерасты нысандарын салудың дамуының және архитектурасының тарихы. Өндірістік мақсатта салынатын нысандар. Тау-кен өнеркәсібі. Жерасты инженерлік коммуникациялары. Жерасты энергетикалық кешендер. Жерасты көліктік нысандар. Жерасты ауылшаруашылық мекемелері мен қоймалар. Әлеуметтік мақсатта салынған жерасты нысандары. Экологиялық мақсаттарға арнап салынатын жерасты нысандары. Негізгі сипаттары бойынша жерасты нысандарын жүйелеу. Көлденең қимасының ауданы үлкен тау-кен қазбаларын салудың технологиялары.

**Күтілетін нәтижелер:** Пәнді игеру барысында докторант білуге тиісті:  
- жерасты және жерастына сіңіріле салынған нысандардың тарихын; жерасты нысандарының құрылымдың ерекшеліктері мен оларды салу тәжірибелерін; әрқилы мақсаттарға арналып салынған жерасты нысандарының көлемдік –жоспарлық шешімдер мен құрымдарын; жерасты кеңістігін кешенді игерудің экологиялық проблемаларын.

**Постреквизиттер:** Тау-кен қазбалары құрылысының геотехноло-гиялық процесстерін моделдеу 7205.2

### **7203 Карьер алаңдарын пайдалануға дайындау– 3 кредит**

**Пререквизиттер:** Кешенді кенорындарын ашық қазу мәселелері 5305 (магистратура)

**Оқыту мақсаты** – докторанттың ашық кен жұмыстарының технологиясы бойынша терең білім алуын, қатты пайдалы қазбалар кенорындарын қазу жағдайларының ерекшеліктеріне сәйкес технологиялық шешімдер қабылдаудың есептік әдістерін игеруін қамтамасыз ету.

**Қысқаша мазмұны:** жоғары білімінің Мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкес докторант пәнді оқып үйрену нәтижесінде біліп шығуы керек:

әртүрлі тау-кен геологиялық және табиғи жағдайларда жатқан кенорындарын қазу кезіндегі ашық кен жұмыстарының технологиясы мен кешенді механикаландыру ерекшеліктерін;  
өндірістік процестерді орындау үшін жабдықтарды жинақтау негіздерін;  
тегіс және тереңдете қазу жүйесі кезіндегі технологиялық кешендерді есептеу әдістерін.

Ашық әдіспен қазу кезінде өндірістің терминдері мен технологиясын:

- кенорындарын ашу әдістерін; кенорындарын қазу жүйелерін; тау жыныстарын қазып алуға дайындау техникасы мен технологиясын; қазу-тиеу жұмыстарының техникасы мен технологиясын; карьерлік жүктерді тасымалдау мен үйінді жасаудың техникасы мен технологиясын; процестердің технологиялық параметрлерінің жыныстардың қасиеттері мен тау-кен және көлік жабдықтарының параметрлерінің байланысы; ашық тау кен

жұмыстарының технологиялық процестерін орындау кезіндегі қауіпсіздік ережелерін; жекелеген технологиялық процестердің арасындағы өзара байланысты; карьерлерде кен жұмыстарын жүргізуді регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттарды; тау-кен жұмыстарының экологиялық салдарларын және олардың қоршаған ортаға әсерін.

**Күтілетін нәтижелер:** Пәнді оқып үйрену нәтижесінде докторант өздігінен (сонымен қатар компьютерлік өнімдерді қолданып) кенорнын игерудің нақты тау-кен техникалық жағдайына қатысты технологиялық кешендердің параметрлері мен көрсеткіштерінің есебін жүргізе білуі керек.

**Постреквизиттер:** Тау-кен ғылымының әдістемелері 7206

### **7203.1 Тереңге созылған және жақын жатқан кен денелерін даярлау және тазалап қазу - 3 кредит**

**Пререквизиттер:** Пайдалы қазбаларды жерасты игеру үрдісі параметрлерін оңтайландыру 5308.1 (магистратура)

**Оқыту мақсаты:** терең және жақын жатқан кен денелерін даярлауды және тазалап қазуды үйрену.

**Қысқаша мазмұны:** терең және жақын жатқан кен денелерін даярлау проблемалары, оларды даярлай және тазалап қазып алудың заманауи әдестері.

**Күтілетін нәтижелер:** келешек маманды күрделі жағдайларда, мысалға терең және жақын жатқан кен денелерін игеруді үйрету.

**Постреквизиттер:** Пайдалы қазбаларды жерасты әдсімен игерудің заманауи жағдайы 7305.1

### **NOP7203.1 Жерасты ғимараттарының құрылысын әртүрлі тау-кен-техникалық шарттарда жүргізудің ғылыми негіздемелері – 3 кредит**

**Пререквизиттер:** Жерасты ғимараттары құрылысын жобалаудың әдістемесі MPS5306.2 (магистратура)

**Оқыту мақсаты:** Жерасты ғимараттарының құрылысын әртүрлі тау-кен-техникалық шарттарда жүргізудің ғылыми негіздемелерін үйрету.

**Қысқаша мазмұны:** Тау-кен ғылымының жіктемесі. Құрылыстық геотехнология бойынша оқылатын пәндер мен нысандар және олардың міндет – мақсаттары. Құрылыстық геотехнологияның негізгі ғылыми бағыттары. Жерасты қазбаларын жобалаудың әдістемелік негіздері. Жерасты нысандары механикасының негіздері. Жерасты қазбаларын салудың, қайта жарақтандырудың және қалпына келтірудің технологияларын негіздеудің ұстанымдары. Тау-кен қазбаларының орнықтылығын қамтамасыз ету. Тау-кен қазбаларын бекітудің заманауи әдістері. Тоннель құрылысының жаңаавстриялық әдісі (НАТМ).

**Күтілетін нәтижелер:** Пәнді игеру нәтижесінде докторант білуге тиісті: - құрылыстық геотехнологияның әдістемелік проблемаларын; құрылыстық геотехнологияның негізгі ғылыми бағыттарын; тау-кен қазбаларының орнықтылығын қамтамасыз ету жолдарын; жерасты кеңістігін игерудің экологиялық проблемаларын.

**Постреквизиттер:** Шахта және жерасты құрылысының экологиялық залалын азайтудың стратегиясы SME7304.2, докторлық диссертацияны дайындау және қорғау

### **7301 Ашық кен жұмыстары мақсаттылығын бағалау белгілері - 3 кредит**

**Пререквизиттер:** Кешенді кенорындарын ашық қазу мәселелері 5305 (магистратура)

**Оқыту мақсаты** – докторанттарды ашық қазу әдісін нәтижелі пайдалану шекараларын ұлғайтудың қолданыстағы әдістер мен тәсілдерін күрделі кен-геологиялық жағдайларда пайдалы қазынды кенорындарын қазу әдістері бойынша ғылыми негізделген шешімдерді қабылдауға үйрету.

**Қысқаша мазмұны:** Ашық қазу әдістерінің қолдану шекараларының жағдайлары. Ашық қазу әдістерін қолдану шекараларын негіздеу кезіндегі заманауи тәсілдері. Технологиялық кешендерінің ашық қазу әдістерін нәтижелі пайдалану шекараларымен өзара байланысы. Ашық қазу әдісінің мақсаттылығын бағалаудың заманауи белгілері. Ашық қазу



әдісін пайдалану шекараларын белгілеудің реті мен тәртібі. Кенорынды үлкен тереңдікке дейін қазудың заманауи нәтижелі әдістері мен тәсілдері. Өндірістік қуатына байланысты карьердің ақырғы тереңдігіне дейін шешімді қабылдаудың мүмкін болатын тәуекелдері. Кенорынның күрделі кен-геологиялық жағдайларында карьердің ақырғы тереңдігіне дейін жобалау тәжірибесі. Игеру мерзімдері ұзақ кенорындарды ашық әдісімен қазу нәтижелігін техникалық-экономикалық негіздеу әдістері.

**Күтілетін нәтижелер:** Пәнді оқыту докторанттарға күрделі кен-геологиялық жағдайлардағы болашағы мол және істегі пайдалы қазынды кенорындарын қазудың әдістері бойынша шешімдерді қабылдауды, карьердің ақырғы контурларын белгілеудің тәжірибелік икемдері мен әдістемесін меңгеруге мүмкіндік береді.

**Постреквизиттер:** Геотехникалық жүйелерді жобалаудың ғылыми негіздері 7303, докторлық диссертацияны дайындау және қорғау

### **7301.1 Жерасты кеніштерінде массивтердің жағдай-күйін автоматты басқару - 3 кредит**

**Перереквизиттер:** Жерасты кеніштерін жобалауды автоматтандыру жүйесі 5208.1 (магистратура)

**Оқыту мақсаты:** Пәнді оқыту мақсаты жобалауда автоматтандыру және жобалауды автоматтандыру алгоритмін құрастырудағы камераның ені және кентіректердің тұрақты өлшемін анықтаудың жалпы әдістемесін есептеу.

**Қысқаша мазмұны:** Кенорындардың тау-кен геологиялық жағдайлары. Қалдырылатын кентіректердің түрлері. Тазартпа камералары және олардың түрлері. Excel-де есептеуді үйрену. Жазық кен сілемдерінде қалдырылатын кентіректерді есептеуді автоматтандыру және оның алгоритмін құрастыру. Көлбеу жатқан кен сілемдерінде қалдырылатын кентіректерді есептеуді автоматтандыру және оның алгоритмін құрастыру. Күрт құлама кен сілемдерінде қалдырылатын кентіректерді есептеуді автоматтандыру және оның алгоритмін құрастыру.

**Күтілетін нәтижелер:** Excel-де есептеу әдістемесінің негізін білу. Жазық кен сілемдерінде қалдырылатын кентіректерді есептеуді автоматтандыру және оның алгоритмін құрастыру. Көлбеу жатқан кен сілемдерінде қалдырылатын кентіректерді есептеуді автоматтандыру және оның алгоритмін құрастыру. Күрт құлама кен сілемдерінде қалдырылатын кентіректерді есептеуді автоматтандыру және оның алгоритмін құрастыру.

**Постреквизиттер:** Пайдалы қазбаларды жерасты әдісімен игерудің заманауи жағдайы 7305.1

### **GOG7301.2 Тау-кен құрылыс жұмыстарын геомеханикалық қамтамасыздандыру - 3 кредит**

**Перереквизиттер:** Жерасты кеңістігін игерудің ғылыми негіздемелері NOP5205.2 (магистратура)

**Оқыту мақсаты:** Курсты оқытудың негізгі мақсаты болып, кен өндіру саласындағы және әртүрлі функционалды мақсаттардағы нысандарды жерастында салуда геомеханикалық қамтамасыздандыруды ғылыми түрде негіздеу және тәжірибелік жолдармен үйрету.

**Қысқаша мазмұны:** Жерасты ғимараттары мен тау-кен қазбаларының құрылыстарын қарқынды дамытудың принциптік негіздері; Әртүрлі мақсаттарда салынатын көпфункционалы жерасты ғимараттарын салудағы геомеханикалық қамтамасыздандыру; жерасты ғимараттарын салудағы инженерлік-геологиялық және геоэкологиялық ізденістер; Жерасты ғимараттарын салудың ашық түрдегі әдістері; жерасты қазбаларын салуда және кені қазылып алынған массивтерді басқару шаралары; жерасты нысандарын жерасты суларынан қорғау шаралары; Жерасты нысандары құрылысындағы және эксплуатациялау кезіндегі мониторингтер, геомеханикалық және геофизикалық зерттеулер.

**Күтілетін нәтижелер:** Пәнді оқып меңгеру нәтижесінде докторанттар – кен өндіру және әртүрлі мақсаттарда салынатын жерасты нысандары құрылысындағы геомеханикалық қамтамасыздандыру мәселелерін; аталған нысандарды салу әдістерін; Жерасты нысандары салудағы және эксплуатациялау кезіндегі мониторингтеді жүргізуді, геомеханикалық және геофизикалық зерттеулерді орындау әдістемелерін меңгерулері тиіс.

**Постреквизиттер:** Физико-химиялық геотехнология MGP7303.2

### **7302 Минералды шикізаттарды кешенді қолданудың мәселелері - 3 кредит**

**Пререквизиттер:** Пайдалы қазынды кенорындарын кезеңдеп қазудың оңтайландыру әдістері 5303 (магистратура)

**Оқыту мақсаты** – магистранттың кешенді кен орындарын ашық қазу мәселелері қарастыру.

**Қысқаша мазмұны:** Кіріспе. Техникалық, технологиялық және экономикалық шешімдерін қосымша кездескен кендерді игеріп және қайта өндеуге рыночный экономикалық көзқараспен қарастыру.

**Күтілетін нәтижелер:** Рудалы кен орындарды қазып алу арнайы түрде жүргізілмейді және өндірісті тиімді нарықтық үнемдеу тәсілін жүргізілмейді. Жобалау барысында әлі уақытқа дейін техникалық, технологиялық және экономикалық шешімдерін қосымша кездескен кендерді игеріп және қайта өндеуге алдымен кәсіпорындар мен тау-кен қайтабайыту орындары үлкен қателік пен қосымша кендерді игерумен пайдасыз қалдырып кетуде.

**Постреквизиттер:** Докторлық диссертацияларды рәсімдеу және қорғау

### **7302.1 Кен жұмыстарын нығайту жоспарын компьютерде өндеу және игеру - 3 кредит**

**Перереквизиттер:** Өндірісте зерттеулер жүргізу және экспериментті бақылау жүргізу 5205.1 (магистратура)

**Оқыту мақсаты:** Пәнді оқыту мақсаты болып тау-кен жұмыстарының жалпы әдістерінің жылдық жетілдіруін қамтамасыз ету. Тау-кен жұмыстарының жоспарын кестелік және графиктік әрлеуді жетілдіру. Тау-кен жұмыстарын әр айда графиктік толықтыру.

**Қысқаша мазмұны:** Кенорындардың тау-кен геологиялық жағдайлары. Кен өндірудің жоспарланған көлемі бойынша өтілетін тау-кен қазбаларының көлемін жылдық есептеу. Алынатын пайдалы қазба көлемін, жоғалым мен құнарсыздандуды есептеу. Тау-кен қазбаларының жоспары. Тау-кен жұмыстарын жетілдіруді жоспарлауды компьютерлік әрлеу.

**Күтілетін нәтиже:** Excel-де есептеу әдістемесінің негізін білу. Тау-кен геологиялық және тау-кен техникалық жағдайларда тау-кен қазбаларын және қажетті пайдалы қазба көлемін есептеуді үйрену.

**Постреквизиттер:** Докторлық диссертацияларды рәсімдеу және қорғау

### **MMF7302.2 Қазба айналасындағы кернеулі-деформациялы күйдің пайда болуын модельдеу әдістері- 3 кредит**

**Пререквизиттер:** Жерасты кеңістігін игерудің ғылыми негіздері NOP5205.2, Құрылыс геотехнологиясындағы негізгі ғылыми техникалық бағыттар ONT5206.2

**Оқыту мақсаты:** Тау-кен ісі саласының мамандарын дайындау, оларға өздігінен тәжірибелік жұмыстарды жасауға керекті ұғымдарды үйрету болып есептеледі. Өртүрлі мақсаттағы жерасты ғимараттары мен тоннельдерінің қаптамаларының кернеулі-деформациялы күйін болжау мәселелерін шешу. Топырақ массивінің кеңістіктегі геомеханикалық күйін зерттеу әдістерін үйрену және оның орнықтылығын болжау.

**Қысқаша мазмұны:** Массивтің негізгі қасиеттері және оның моделі. Таужынысы массивінің табиғи кернеулі күйі. Қазбаларды өту кезіндегі тау қысымының пайда болуы. Пайдалы қазбалы кен орындарын игеру кезіндегі тау қысымын басқару. Жерасты ғимараттары конструкцияларының кернеулі-деформациялы күйін моделдеу. Тоннельдің тұрақтылық күйін деформациялы критерий бойынша болжау әдістері.

**Күтілетін нәтиже:** Жерасты ғимараттары конструкцияларының кернеулі-деформациялы күйін моделдеу. Тоннельдің тұрақтылық күйін деформациялы критерий бойынша болжау. «Бекітпе-массив» жүйесінің геомеханикалық моделін құрастыру.

**Постреквизиттер:** Ғылыми-ізденістік жұмыстар. Докторлық диссертацияларды рәсімдеу және қорғау

### **7205 Минералды шикізаттардың сапасын геотехнологиялық басқару - 3 кредит**

**Пререквизиттері:** Күрделі құрылымды кен орындарындағы ашық кен жұмыстарының ерекшеліктері 5207

**Оқыту мақсаты:** Жұмыс программасы 6D070700-«Тау-кен ісі» мамандығы бойынша докторанттарға Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі приказымен ұсынылып бекітілген. Пәнді оқытудың негізгі мақсаты - докторанттардың минерал шикізат сапасының геотехникалық басқару элементтерін, олардың параметрлері мен сипаттамаларын негіздеуді меңгеруі.

**Қысқаша мазмұны:** Минералды шикізаттың технологиялық сапасын басқару туралы қысқаша мәлімет. Тау-кен өндірісі өнімінің сапасын технологиялық реттеудің қажеттілігі. Минералды шикізаттың сапасын геотехнологиялық басқару жүйесінің элементтері. Тау кен маталлургия кешенінің соңғы өнімі болып таза металлдар және жалғаспалы элементтер табылады. Сондықтан кенорнын өндіру тәсілдерін таңдаған кезде тау кен жұмыстарының технологиясы және техникалық құрал жабдық, тау кен өндірісінің өндірістік қуаттылығының негізі, сондай экономикалық көрсеткіштерді, яғни соңғы өнімді реализациялаудан алынған кіріс пен тау кен өндірісі жұмыстарының шығынын қолдануға мақсатталған.

**Күтілетін нәтижелер:** Курсты оқу практикалық жұмыс жасау кезінде тау кен жыныстары массивінің аттыру жұмыстарының технологиялық сипаттамасын есептеу, аттырылған тау-кен массасының кесектілігін, үйінді жыныстарының тау кен геометриялық көрсеткіштерін есептеу кезінде аналитикалық әдісті қолдануға мүмкіндік береді.

**Постреквизиттер:** Ғылыми-ізденістік жұмыстар. Докторлық диссертацияларды рәсімдеу және қорғау

### **7205.1 Жерасты жұмыстары кезіндегі заманауи аппаратуралар және апатты жою жоспарларын игеру - 3 кредит**

**Пререквизиттері:** Пайдалы қазбаларды жерасты әдсімен игерудің заманауи жағдайы 7202.1

**Оқыту мақсаты:** Пайда болған апаттық жағдай жойқын апатқа ұласпауы тиіс. Апатты жою жоспары - апаттық жағдай пайда болған жағдайда оны жою және адамдарды құтқаруға бағытталған шаралар мен іс әрекеттер көрсетілген маңызды жедел-техникалық құжат.

**Қысқаша мазмұны:** Жоспарды жасау барысында барлық мүмкін апаттық жағдайлар қарастырылуы тиіс және оның әр түріне мүмкіндігінше тиімді шараларды анықтау қажет.

Апатты жою жоспары белгілі формамен құрастырылатын жедел бөлімнен тұрады және ол қажетті желдетіс режимдерін бекітетін шараларды, апат орын алған учаскелерден адамдардың шығу жолдары мен тау-кен құтқару бөлімдерінің адамдарға және апат ошақтарына баратын жолы көрсетілген бағыттары айқындалған бағдарлар, апатты жоюға қатынасатын жеке адамдар арасында міндеттері үлестірілген графикалық материалдар және нұсқаулықтармен толықтырылады.

**Күтілетін нәтижелер:** Жоспардың жедел бөлімінде апат орын алған учаскелерден адамдарды жылдам және қауіпсіз жолдармен жер бетіне немесе шығару қарастырылуы тиіс. Апат ошағына дейін орналасқан тау-кен қазбаларынан адамдарды таза ауа ағыншаларына қарсы жүре отырып жер бетіне шығаруды меңгереді. Апат ошағынан сыртында орналасқан тау-кен қазбаларынан адамдарды өзін өзі құтқару аспаптарын пайдалану арқылы қысқа жолдармен таза ауалы қазбаларға онан әрі қарай жер бетіне шығарылады.

**Постреквизиттер:** Ғылыми-ізденістік жұмыстар. Докторлық диссертацияларды рәсімдеу және қорғау

### **7205.2 Тау-кен қазбалары құрылысындағы геотехнологиялық процесстерін моделдеу - 3 кредит**

**Пререквизиттер:** Жерасты ғимараттарының құрылысын әртүрлі тау-кен-техникалық шарттарда жүргізудің ғылыми негіздемелері NOP7203.2

**Оқыту мақсаты:** Тау-кен-өндірісіндегі мәселелердің жіктемелері, оларды шешу жолында жаңа ақпараттық жүйелерді қолдану; Жерасты ғимараттары құрылысын жобалаудың есептік жүелерін шешуде ақпараттық жүйелерді (IT технологиялық бағдарламаларды) қолдану әдістерін үйрету.

**Қысқаша мазмұны:** Тау-кен ұңғылау жұмыстарындағы технологиялық процесстерді орындауда және құрылыс жұмыстарын ұйымадастыру жоспарларын жасауда IT технологиялық бағдарламаларды қолдану; жерасты құрылыстарын салуда математикалық моделдеу әдістерін қолдану; математикалық имитациялық әдістер; Ықтималдық теориялар жөніндегі мәліметтер; соңғы элементтер әдісі және оның қолдану әдістерін кеңейту; статистикалық экспериментальдық мәндерді және графикалық тәуелділіктерді тұрғызу әдістері; Моделдеуді сараптау.

**Күтілетін нәтиже:** Пәнді оқып меңгеру нәтижесінде болшақ доктор мамандары - жерасты құрылыстарын салуда математикалық моделдеу әдістерін қолдануды, математикалық имитациялық әдістер мен ықтималдылық теорияларды, статистикалық экспериментальдық мәндерді және графикалық тәуелділіктерді тұрғызу әдістерін үйренулері тиіс.

**Постреквизиттер:** Ғылыми-ізденістік жұмыстар. Докторлық диссертацияларды рәсімдеу және қорғау

### **7206 Тау-кен ғылымының әдістемелері - 3 кредит**

**Пререквизиттері:** Пайдалы қазбалар кенорындарын құрамды қазуды жобалау 7202

**Оқыту мақсаты** –докторанттарды тау-кен ғылымының әдістемелері негізінде ғылыми зерттеу жүргізудің жүйесін шапшаң құру және оларды жоғары деңгейде орындауға үйрету. Міндеттермен мақсаты негізінде тау-кен ғылымының дамуы және даму жолдарымен таныстыру, сонымен қатар өздерінің ойларын басқарып алға қойылған міндеттердің дұрыс жолын табуды үйрету.

**Қысқаша мазмұны:** ғылыми зерттеулердің әрекеттерінің ерекшеліктері және түсініктері; ғылыми зерттеулердің жалпы әдістемелері; қазіргі заманғы ғылыми әдістердің түсінігі; әлеуметтің зерттеулер жүргізу және ұйымдастыру, сонымен қатар тау–кен ғылымындағы ұйымдастырушылық жұмыстар келтірілген.

**Күтілетін нәтижелер:** - Пәнді оқу барысында докторанттар прогрессивті ғылыми зерттеулердің тәжірибесін және ғылымның қазіргі заманғы жетістіктері негізінде ғылыми тапсырмаларды өз бетімен алдына мақсат қойып оларды шеше алатын болады.

**Постреквизиттер:** Ғылыми-ізденістік жұмыстар. Докторлық диссертацияларды рәсімдеу және қорғау

### **7206.1 Жерасты кеніштерін желдету және техникалық жабдықтау - 3 кредит**

**Пререквизиттері:** Пайдалы қазбаларды жерасты әдсімен игерудің заманауи жағдайы 7202.1

**Оқыту мақсаты:** Көрсетілген мамандық бойынша ізденуші шахталық желдету ұғымын, желдету сұлбасын, желдету торабын, кез-келген бағытталған графтың барлық параметрлерін кодтау әдісі: ағаш, антиағаш, тұйықталған жиек, қабырға, шынжыр және т.б. Күрделі желдетіс торабын есептеу әдістері, желдетіс торабы заңдары, жерасты желдетіс ғимараттары.

**Қысқаша мазмұны:** Қазіргі уақытта жылдық өнімділігі 3 млн.т/жыл болатын кенішті желдету үшін (есеп бойынша 100 мың т. кен өндіру үшін – 12 м<sup>3</sup>/с) 360 м<sup>3</sup>/с ауа қажет. Бірақ, тереңдігі 1536м болатын кеніштерде ауа температурасы 51,3°С-қа көтерілгенде, 1010 м<sup>3</sup>/с көлемінде ауа жіберілу жүргізіледі.

**Күтілетін нәтижелер:** Докторанттарға "Терең кеніштерді желдетудің инновациялық технологиясын игеру" мәселесін шешу ұсынылады.

**Постреквизиттер:** Ғылыми-ізденістік жұмыстар. Докторлық диссертацияларды рәсімдеу және қорғау

### **ҒТО7206.2 Таужыныстарын бұзудағы ресурстарды қорғаудың физико-техникалық негіздері - 3 кредит**

**Пререквизиттер:** MIS7204.2 Жаппай жарылыстардың сейсмикалық және толқындық әсерлерін зерттеу

**Оқыту мақсаты:** Болашақ доктор мамандары таужыныстарын бұзудағы ресурстарды қорғаудың физико-техникалық негіздерін, бұрғылау-жару жұмыстарының тиімді параметрлерін жобалаудың әдістерін үйрету.

**Қысқаша мазмұны:** Пайдалы қазбаларды өндірудегі технологиялық процесстерде жоғалымдарды азайтудағы негізгі шарттар мен факторлар. Таужыныстарын бұзудағы ресурстарды қорғаудың физико-техникалық негіздері, Пайдалы қазбаларды өндірудегі энергия шығындары, тау-кен қазбаларын өтудегі және кен өндірудегі бұрғылау-жару жұмыстарының тиімді параметрлерін жобалау әдістері, таужыныстарын жарылыспен бұзудағы экологиялық мәселелер.

**Күтілетін нәтижелер:** Доктаранттар - тау-кен қазбаларын өтудегі және кен өндірудегі бұрғылау-жару жұмыстарының тиімді параметрлерін жобалауды, таужыныстарын бұзудағы ресурстарды қорғаудың физико-техникалық негіздерін оқып меңгерулері тиіс.

**Постреквизиттер:** Ғылыми-зерттеу жұмыстары. Докторлық диссертацияны рәсімдеу және қорғау

### **7301 Геотехникалық жүйелерді жобалаудың ғылыми негіздері - 3 кредит**

**Пререквизиттер:** Ашық кен жұмыстары мақсаттылығын бағалау белгілері 7301

**Оқыту мақсаты:** – докторанттарды пайдалы қазындының сапалық сипаттамалары бар кенорынның сандық моделін жасаудың заманауи теориясы мен тәжірибесіне, кен-техникалық жүйелерін жобалаудың соңғы теориялық жетістіктері негізінде біріктірілген кен-геологиялық жүйелерін пайдаланумен карьерді жобалау мәселелерін шешуге үйрету.

**Қысқаша мазмұны:** Кенорынның сандық моделін дайындау. Кен-геометриялық талдауды орындаудың көпнұсқалы әдістерін орындау. Кенорын карьер алаптарына бөлудің және карьердің өндірістік қуатын негіздеудің заманауи тәсілдері. Кен жұмыстары режимінің күнтізбелік графигін негіздеудің диалогтық тәртібі. Карьердің ақырғы жобалық контурларын негіздеу. Кешенді механикаландыру құрылымдарын кен жұмыстарын жүргізу технологияларымен тығыз өзара байланысымен қалыптастыру. Біріктірілген кен-геологиялық жүйелерін пайдаланумен карьердің динамикалық моделін жасау. Кен жұмыстарының инновациялық технологиялары негізінде техникалық-экономикалық негіздеу мен жұмыс жобасын әзірлеу.

**Күтілетін нәтижелер:** Қазіргі жағдайдағы шетел және отандық кен бюроларының ғылыми және тәжірибелік жетістіктері негізінде геотехнологиялық жүйелерді жобалау әдістемесін айқындау. Жобалық ақырғы контурларды негіздеуге, жаңа ғылыми негізделген белгілерін есепке алумен ақпараттық жүйелер негізінде кен жұмыстарын жүргізу технологияларымен тығыз өзара байланыстарындағы кешенді механикаландыру құрылымдарын қалыптастыруға, карьер және шахта алаптарына бөлуге, өндірістік қуатты негіздеуге, ашу әдістері мен жиынтық және деңгейжиектік жоспарын таңдау.

**Постреквизиттер:** Ғылыми-ізденістік жұмыстар. Докторлық диссертацияларды рәсімдеу және қорғау

### **7303.1 Уранды жерасты сілтілеу тәсілінің инновациялық технологиясы - 3 кредит**

**Пререквизиттері:** Пайдалы қазбаларды жерасты әдсімен игерудің заманауи жағдайы 7202.1

**Оқыту мақсаты:** Физико-химиялық геотехнология зерттейтін негізгі салаларды: тұздарды еріту, металлдарды сілтілеу, газификация, күкіртті қорыту, пайдалы қазбаларды ұңғымалық әдіспен игерудің процесстерін зерделеу.

**Қысқаша мазмұны:** Уранды ұңғымалармен жер астында сілтілеу әдісінің инновациялық тәсілдері. Уранды сілтілеу үшін күкірт қышқылы, сутегі тотығы тәрізді әртүрлі қышқылдарды қолдану. Сызықтық фильтрациялау кезінде кеуекті ортада жерастылық гидродинамика. Сұйықтықтың ламинарлы және турбулентті ағысы. Әртүрлі ашу сұлбалары, ұңғымалардың орналасуы және олардың сілтілеу уақыты мен сілтілеу сапасына әсері. Уранның инфильтрациялық кен орныдарында гидрогеологиялық жағдай. Сілтілеу ерітінділерінің жайылуы. Сілтілеу ерітіндісінде қышқыл мөлшерінің сілтілеу сапасына әсері. Карбонатты және қышқылды сілтілеу тәсілдері.

**Күтілетін нәтижелер:** Игерілетін пайдалы қазбаларды немесе олардың бір бөлігін бастапқы орналасқан жерлерінде сұйық күйге айналдыру мүмкіндігін және осы үрдіске әсер ететін кеннің айналасындағы физико-химиялық жағдайды анықтау. Пайдалы қазбалар мен бос

тау жыныстарының физикалық және химиялық өзгеруін игеру. Уранды ұңғымалармен жер асты сілтілеу инновациялық геотехнологиялық тәсілдерін меңгеру.

**Постреквизиттер:** Ғылыми-зерттеу жұмыстары. Докторлық диссертацияларды рәсімдеу және қорғау

### **MGP7303.2 Физикалық-химиялық геотехнология – 3 кредит**

**Пререквизиттер:** Арнайы жерасты ғимараттарын салудың ғылыми негіздемелері NOS 7202.2

**Оқыту мақсаты:** Пәнді оқытудың негізгі мақсаты физикалық-химиялық геотехнологиялардың негіздерінен білім беру.

